



С.Сейфуллин атындағы университет цифрлық қауіпсіздік форумына қатысты

2025 жылдың 27 қарашасында Астанада өткен «Заң мен тәртіп» тұжырымдамасы аясындағы «ҚМА-ның цифрлық қауіпсіздік сабақтары» форумына Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінен 200-ден аса студент қатысты.

Форумның негізгі мақсаты — цифрлық сауаттылықты арттыру, онлайн алаяқтық, дропперлік және жасанды интеллект арқылы жасалатын қауіптер туралы ақпарат беру.

Шара барысында мемлекеттік органдар өкілдері, журналистер, IT-сарапшылар, блогерлер мен қоғам қайраткерлері панельдік сессияда дипфейк және цифрлық алдау мысалдарын талқылады.

Университеттің мұндай шараларға қатысуы — студенттер мен оқытушылардың цифрлық мәдениетін қалыптастырып, интернет кеңістігіндегі қауіпсіздік деңгейін арттыруға маңызды үлес қосады.

